Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

«Қ. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық орта мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаты» РММ

БЕКІТЕМІН:

ҚР МАМ «К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ директоры

Б.Т.Абдрашев

« » қыркүйек 2026 ж.

«Үрмелі және ұрмалы аспаптар» және «Эстрадалық музыкалық орындаушылық» бөлімі Бектаев Айбек Бектайұлының 100 жылдығына арналған «Алатау ырғақтары» атты ұрмалы аспаптарда орындаушылардың III Республикалық балалар мен жасөспірімдер байқауының ЕРЕЖЕСІ

(Қазақстанның мамандандырылған музыкалық мектептері, мамандандырылған кешендері, қосымша білім беру мектептері (БММ), балалар өнер мектептері (БӨМ), музыкалық колледждері мен жоғары музыкалық оқу орындарының білім алушылары арасында.)

Мамыр 2027 ж.
Алматы қаласы

Байқауды ұйымдастырушы – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қ. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ-нің «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» және «Эстрадалық музыкалық орындаушылық» бөлімі.

Байқаудың мақсаты:

Дарынды музыканттарды анықтау және қолдау, орындаушылық шеберлікті дамыту және ұрмалы аспаптарда ойнау өнерін насихаттау.

Байқаудың міндеттері:

- Ұрмалы аспаптарда орындаушы дарынды оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- Оқушыларды оқу үдерісінің бастапқы кезеңінен бастап сахналық өнер көрсетуге баулу;
- Мамандандырылған музыкалық мектептер мен музыкалық колледждерде ұрмалы аспаптарды оқыту сапасын арттыруға ықпал ету;
- Мамандандырылған музыкалық білім беру ұйымдары арасындағы шығармашылық байланыстарды нығайту және оқытушылар арасында тәжірибе алмасуға жағдай жасау;
- Ұрмалы аспаптарда орындаушылық өнерді дамыту және насихаттау, классикалық және заманауи музыканы дәріптеу, аса дарынды әрі кәсіби болашағы зор орындаушыларды анықтау.

Номинациялары :

- Оркестрлік классикалық ұрмалы аспаптар (ксилофон, кіші барабан);
- Вибрафон;
- Маримба;
- Кіші барабанда жеке орындау (соло).

Жас ерекшеліктеріне қарай санаттар

1. Оркестрлік классикалық ұрмалы аспаптар (ксилофон, кіші барабан)
   - А санаты – 10–12 жас;
   - В санаты – 13–15 жас;
   - С санаты – 16–19 жас.
2. Вибрафон
   - В санаты – 13–15 жас;
   - С санаты – 16–19 жас (мамандандырылған мектептердің 10–12-сынып оқушылары мен колледж студенттері арасында);
   - D санаты – жоғары оқу орындарының студенттері.
3. Маримба
   - В санаты – 13–15 жас;
   - С санаты – 16–19 жас (мамандандырылған мектептердің 10–12-сынып оқушылары мен колледж студенттері арасында);
   - D санаты – жоғары оқу орындарының студенттері.
4. Кіші барабанда жеке орындау (соло)
   - В санаты – 13–15 жас;
   - С санаты – 16–19 жас (мамандандырылған мектептердің 10–12-сынып оқушылары мен колледж студенттері арасында);
   - D санаты – жоғары оқу орындарының студенттері.

Бағдарламалық талаптар

Оркестрлік классикалық ұрмалы аспаптар (ксилофон, кіші барабан)

А санаты (10–12 жас) — орындау ұзақтығы 10 минуттан аспауы тиіс.

1. А. Бектаев пен М. Ж. Өтеуовтің өңдеуіндегі қазақ композиторларының пьесалар жинағынан ксилофонға арналған шығарма.

2. Орыс немесе Батыс Еуропа композиторларының ксилофонға арналған шығармасы.
3. Фортепианоның сүйемелдеуімен орындалатын кіші барабанға арналған шығарма.

В санаты (13–15 жас) — орындау ұзақтығы 15 минуттан аспауы тиіс.

1. А. С. Хамитов пен М. М. Сүлейменованың өңдеуіндегі қазақ композиторларының пьесалар жинағынан ксилофонға арналған шығарма.
2. Орыс немесе Батыс Еуропа композиторларының ксилофонға арналған шығармасы.
3. Фортепианоның сүйемелдеуімен орындалатын кіші барабанға арналған шығарма.

С санаты (16–19 жас) — орындау ұзақтығы 20 минуттан аспауы тиіс.

1. Орындаушының таңдауы бойынша қазақ композиторларының ксилофонға арналған шығармасы.
2. XVIII–XIX ғасырлар композиторларының ксилофонға арналған шығармасы.
3. Фортепианоның сүйемелдеуімен орындалатын кіші барабанға арналған шығарма.
4. XX–XXI ғасырлар композиторларының ксилофонға арналған виртуоздық пьесасы.

1. Вибрафон

В санаты (13–15 жас)

I тур — орындау ұзақтығы 10 минуттан аспауы тиіс.

1. Міндетті шығарма: И. С. Бах — Ария a-moll немесе Бурре b-moll («Solos Vibraphone Player», Ian Finkel жинағынан).
2. Орындаушының таңдауы бойынша шығарма.

II тур — орындау ұзақтығы 10 минуттан аспауы тиіс.

- Орындаушының таңдауы бойынша кез келген екі шығарма.

С санаты (16–19 жас)

I тур — орындау ұзақтығы 10 минуттан аспауы тиіс.

1. Міндетті шығарма: И. С. Бах — Suita for Lute E-moll (BWV 996), соль минорға өңделген, вибрафонға арналған нұсқасы — Steven Machamer. Бір бөлімін орындаушы өз қалауы бойынша таңдайды.
2. Орындаушының таңдауы бойынша шығарма.

II тур — орындау ұзақтығы 13 минуттан аспауы тиіс.

- Орындаушының таңдауы бойынша кез келген екі шығарма.

D санаты (жоғары оқу орындарының студенттері)

I тур — орындау ұзақтығы 10 минуттан аспауы тиіс.

1. Міндетті шығарма: И. С. Бах — Partita № 1 h-moll (BWV 1002), скрипкаға арналған жеке шығарма. Бір бөлімін орындаушы өз қалауы бойынша таңдайды.

II тур — орындау ұзақтығы 15 минуттан аспауы тиіс.

- Орындаушының таңдауы бойынша кез келген екі шығарма.

2. Маримба

В санаты (13–15 жас)

I тур — орындау ұзақтығы 10 минуттан аспауы тиіс.

- Орындаушының таңдауы бойынша кез келген екі шығарма.

II тур — орындау ұзақтығы 10 минуттан аспауы тиіс.

Орындаушының таңдауы бойынша төмендегі шығармалардың бірі:

1. Н. Розауро — Маримбаға арналған № 1 концерт (1 немесе 4-бөлім).
2. Н. Розауро — маримбаға арналған концерті (бір бөлімін таңдау).

С санаты (16–19 жас)

I тур — орындау ұзақтығы 10 минуттан аспауы тиіс.

1. Міндетті шығарма: И. С. Бах — Six Cello Suites (виолончель сюиталарының маримбаға арналған транскрипциясы). Бір бөлімін орындаушы өз қалауы бойынша таңдайды.
2. Орындаушының таңдауы бойынша шығарма.

II тур — орындау ұзақтығы 10 минуттан аспауы тиіс.

- Орындаушының таңдауы бойынша кез келген екі шығарма.

D санаты (жоғары оқу орындарының студенттері)

I тур — орындау ұзақтығы 10 минуттан аспауы тиіс.

1. Міндетті шығарма: И. С. Бах — Partita № 1 d-moll (BWV 1004), жеке скрипкаға арналған шығарма. Мінезі әртүрлі екі бөлімін орындаушы өз қалауы бойынша таңдайды (Chaconne бөлімінен басқа).

3. Кіші барабанда жеке орындау (соло)

В санаты (13–15 жас)

I тур — орындау ұзақтығы 8 минуттан аспауы тиіс.

1. Міндетті шығарма: Siegfried Fink — Intrada, кіші барабанға арналған сюитадан.
2. Орындаушының таңдауы бойынша шығарма.

II тур — орындау ұзақтығы 10 минуттан аспауы тиіс.

- Орындаушының таңдауы бойынша кез келген екі шығарма.

С санаты (16–19 жас)

I тур — орындау ұзақтығы 10 минуттан аспауы тиіс.

1. Міндетті шығарма: Jacques Delecluse — Douze Études, № 6 этюд.
2. Орындаушының таңдауы бойынша шығарма.

II тур — орындау ұзақтығы 12 минуттан аспауы тиіс.

- Орындаушының таңдауы бойынша кез келген екі шығарма.

D санаты (жоғары оқу орындарының студенттері)

I тур — орындау ұзақтығы 10 минуттан аспауы тиіс.

1. Міндетті шығарма: Jacques Delecluse — Initium IV, № 76 этюд.
2. Орындаушының таңдауы бойынша шығарма.

II тур — орындау ұзақтығы 15 минуттан аспауы тиіс.

1. Міндетті шығарма: Rick Dior — Brazilian Variations.
2. Орындаушының таңдауы бойынша шығарма.

Байқауды өткізу шарттары

Байқау офлайн форматта өткізіледі. Қатысушыларға байқаулық тыңдау өтетін күні залда акустикалық дайындық жасауға мүмкіндік беріледі (ұзақтығы 5 минуттан аспайды).
Әр номинация бойынша Гран-при тағайындалады.
I, II және III орын алған қатысушылар байқау лауреаттары атанады. Жинаған ұпайлары бойынша келесі үш орынға ие болған қатысушылар байқау дипломанттары атанады. Лауреаттар мен дипломанттар дипломдармен марапатталады.
Байқау лауреаттарын дайындаған педагогтер мен концертмейстерлерге ұйымдастыру комитетінің атынан алғыс хаттар табысталады.
Қазылар алқасы барлық жүлделі орындарды тағайындамауға, бірдей ұпай жинаған қатысушылар арасында бір орынды бөліп беруге, сондай-ақ байқау лауреаттарын дайындаған педагогтер мен концертмейстерлерді марапаттауға құқылы. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

Қазылар алқасының құрамы

Қазақстан Республикасы мен ТМД елдеріндегі балалар музыкалық мектептерінің, мамандандырылған музыкалық мектептердің, музыкалық колледждердің және жоғары оқу орындарының ұрмалы аспаптар сыныбының жетекші орындаушылары мен оқытушылары.

Қаржылық шарттар

Байқауға қатысу тегін.

Байқауды өткізу мерзімі мен орны

Өткізу мерзімі: 2027 жылғы 15–19 мамыр.
Өткізу орны:
1. Алматы қаласындағы «Өнер мектебі» КМҚК. Мекенжайы: Алматы қаласы, Н. Тілендиев көшесі, 35, пошта индексі: 050005. Тел.: +7 (727) 374 03 88.
2. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы. Мекенжайы: Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 86, пошта индексі: 050000. Тел.: +7 (727) 261 76 40.

Word форматындағы өтінімдер 2027 жылғы 30 сәуірге дейін armanmarimba@gmail.com электрондық поштасына қабылданады.
Өтінімде төмендегі мәліметтер көрсетілуі тиіс:

- Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты, туған күні және оқу орнынан анықтама;
- Педагог пен концертмейстердің тегі, аты, әкесінің аты;
- Байқау бағдарламасы (орындау ұзақтығы).
-

Байланыс ақпараты

Байқаудың ұйымдастыру комитеті:

Байқауды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты: Хамитов Арман Сахитович, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қ. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық орта мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаты» РММ-нің «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» және

«Эстрадалық музыкалық орындаушылық» бөлімінің ұрмалы аспаптар сыныбының оқытушысы. Тел.: +7 707 102 19 49.

Үйлестіруші: Жақсыбергенов Арман Асылбекович, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қ. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық орта мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаты» РММ-нің «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» және «Эстрадалық музыкалық орындаушылық» бөлімінің меңгерушісі. Тел.: +7 701 744 07 77.

Жауапты хатшы: Мустафина Салтанат Бибетовна +77775290159